



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ

# ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ  
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

4 (164)

ШІЛДЕ – ТАМЫЗ 2007

ИЮЛЬ – АВГУСТ 2007

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ  
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ  
НАН РК

КАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Г. АҚЫЛБАЕВА

## КОНТАМИНАЦИЯЛАНҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА

Кез келген фразеологиялық бірлік негізінен адам эмоциясының өсерінен туындайтыны сөзсіз. Тілші-ғалымдар кез келген мәтіннің ішіндегі әрбір фразеологиялық тіркес ұшыраса қалса, әлбетте сөйлемнің экспрессиялық өсері бірден байқалады деп көрсетіп, оған дәлел ретінде мына бір мысалды ұсынады: *Ол келген қонақтардың ішіндегі сорпаға шығары: Иманбай би, Әлдеке, Мүсіралі екен* (Ж.Аймауытов. Шығ. 276).

«Сөйлемді фразеологизмсіз беделді, сыйлы қонақтар деп жазса, әрине, ойдың берілуіндегі көркемділік бірден жүдеу тартады» [1, 46], — дейді К.Н.Смағұлова. Фразеологизмнің экспрессивтік-эмоционалдық табиғаты туралы арнайы мақала жазған Р.Сәрсенбаев пен М.Жақыпбеков «Экспрессивтілік пен эмоционалдылық тілдің лексикалық және фразеологиялық единицаларына бірден қатысты бола отырып, айтылған ойды образды, өсерлі етіп жеткізуде айырықша стилистикалық құрал ретінде жұмсалады» [2, 26], — деп көрсетеді. Бұл келтірілген сілтемелер фразеологизмдер эмоционалдылыққа құрылатындығының айқын дәлелі бола алады (Бұл жерде эмоционалдылықты кең түрде алып отырмыз).

Ал енді тіл біліміндегі эмоционалдылық дегеніміз не? деген сұрақтар төңірегінде сөз қозғасақ, тіл білімінің сөздігінде «**Эмоционалдылық** — (лат. Emovere — еліктіру, толқыту) fr. emation — қоршаған болмысқа деген адамның әртүрлі көңіл-күйі, сезімі, өсері. Эмоциялық оң берілген лексика ұнату мен ұялту, үрей мен қуаныш, масаттану мен жек көру, қорқыныш пен батылдық, сенім мен сенімсіздік, қайғы, уайым, зарығу т.б. көптеген мағыналардың қолданылуы (қара. *Эмотивтік, экспрессивтік, одағай*)» [3, 432] деп түсіндірілсе, «**экспрессивтілікті** (лат. expressio — выражение, мәнерлілік) ағыл. Expressivity expressivitate Expressivitat (мәнерлілік) — *Тіл единицаларының семантикалық-стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі. Ол сөйлеп тұрған адамның сөз мазмұнына немесе сол сөз арналған адамға (адресатқа) деген өзіндік көзқарасы мен қатынасын көрсететін тілдік құрал ретінде қолданылады. Оның фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік құралдары бар. Осы құралдар арқылы сөз сөйлеушінің психикалық, эмоционалдық күйін көрсете алатын қабілетке ие*

болады. Э. айтылған сөзді эмоционалдық (сезімдік) айшықты (аффекті) сөз ретінде жеткізеді. Э. құралдарын *фонетика, грамматика, лексикология, стилистика және семантика* зерттейді» [3, 430-431], — деп түсіндірілген.

Бұл сөздіктердегі келтірілген екі анықтамадан мынадай нәрселерді байқауға болады. Біріншіден, эмоционалдылық пен экспрессивтілік бейнелі сөздердің бір деңгейде тұрған тілдік категориялары. Екіншіден, олар өзара байланысты, сондай-ақ жеке өздеріне ғана төн айырым белгілері бар. Әрине бұл өз алдына жеке мәселе. Бізге керегі бұлардың фразеологиямен байланысы. Жоғарыдағы екі категорияның (эмоционалдылық, экспрессивтілік) фразеологияға қатысты жағы экспрессивтілік болып табылады. Әйтсе де кейбір ғалымдар фразеологияға байланысты жағы деп эмоционалдылықты көрсетеді: «Эмоционалдылық — дүниедегі зат пен құбылысқа, оқиғаға жеке адамның сезімдік бағасы. Адамның зат пен құбылысқа, іс пен оқиғаға көзқарасы әртүрлі болуы мүмкін. Кейде олар жағымды не жағымсыз жағын өңгіме етсе, кейде оларға көңіл-күйін, ұнатуын, тандануын, еркелетуін т.б. білдіріп отырады. Мұндай семантикалық отеноктер фразеологиялық мағынасынан әрқашан табылып отырады: *Міне енді қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ* (А. Нұрманов), *Сәлиманы қолға түсіргеніне жерден жеті қоян тапқандай болды* (Ғ. Сланов), *Бір табын сиырды айдалаға тастап, қалаға қашып бара жатсаңыз, екі көзіңіз алақандай болатын сияқты* (Ғ. Мүсірепов), *Соның өзі бір пәле болып қалды ма деп, әйел көңіл алаңдатып, жүрегін уылдатқан* (І. Есенберлин)» [2, 27].

Экспрессивтілікті білдіру — тіл бірліктерінің негізгі қасиеттерінің бірі. Мұның өзі эмоционалды баға категориясымен және тұтастай алғанда адамның эмоциясын білдіруімен тығыз байланысты. Экспрессивтілік дегеніміз сөйлеушінің коммуникативтік акт кезіндегі сөйлеудің мазмұнына немесе тыңдаушыға қатысты өзінің субъективтік көзқарасын білдіруге жұмсалатын тіл бірліктерінің семантика-стилистикалық жиынтығы болып табылады. Сондықтан да экспрессивтілік тілдің барлық деңгейлеріне оның ішінде біз қарастырып отырған фразеологиялық деңгейлерге де төн. Фонетикалық, морфологиялық,

лексикалық деңгейлеріндегі экспрессивтік құралдар оң және теріс болып бөлінеді. Контаминацияланған фразеологиялық бірліктер лексика деңгейіне жататындықтан оң және теріс контаминациялы болу оларға да төн деуге болады.

Біздің шамалауымызша, фразеологизмдер тек эмоционалдылыққа қатысты емес, эмоционалды-экспрессивтілікке байланысты болады. Себебі экспрессивтілік тілдік жүйеде тілдің көркемдеуші құралы арқылы беріледі. Ал көркемдеуші құралдарының бір шеті осы фразеологизмдермен ұштасып жатыр. Ал енді қарастырып отырған негізгі мәселе контаминация арқылы қалыптасқан фразеологизмдер жайына келсек, олардың (контаминация құбылысы арқылы қалыптасқан фразеологиялық бірліктердің) басқа фразеологиялық бірліктерден (алдыңғы екеуінен) қарағанда экспрессивтілік бояуы күштірек болады. Оның себебін былай деп түсіндіреміз. Негізінен екі нәрсенің қосындысынан туындаған үшінші бір нәрсе алдыңғыларға қарағанда күштірек болатыны белгілі. Осы негізде бұрыннан тілде бар, тілдік санамызда дайын тұрған, мағыналас, синонимдес, варианттас фразеологиялық бірлік-тердің әрбір экспрессивтік бояуы күшті бөлік-терінің қосылуы негізінде үшінші бір жаңа экспрессивтік бояуы өте күшті фразеологиялық бірлік пайда болады. Бұл бір жағы. Екіншіден, контаминация негізінде пайда болған фразеологиялық бірліктердің бойында алдыңғы екі фразеологиялық бірліктің экспрессивтік элементтері де көрініс табады. Сол себептен де оның экспрессивтік бояуы өте күшті болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір мысалдар қатарын келтірейік, *Ашуға мінді + жыны қозды = жынына мінді*. Фразеологиялық сөздікте АШУҒА МІНДІ [БУЛЫҚТЫ, ТЫҒЫЛДЫ] тұрақты тіркесіне мынадай түсіндірме береді: *Қатты қаһарланды, бұл талан болып кәріне мінді. Өкіл жолдас, мыналарға айтсаңызшы: «Сөзімді бәлмесін», — деп, Дайрабай бұрынғыдан да ашуға мінді* (Б.М.) [4, 74]. Ал ЖЫНЫ ҚОЗДЫ [УСТАДЫ, ТҮСТІ, ҚҰРЫСТЫ]. *Ашуы келді, ыза болды, «арқасы құрысты» ашуына басты. Жұмабектің салған суретін ұнаттыңқырамай, Ермек үнсіз үңіле түскен сайын, Жұмабектің ішіндегі жыны қозып, ызаға булығып, сұлу жүзі дуылдай бастайтын* (Т.А.) [4, 222]. Енді осылардың сыйысуынан пайда болған тіркесті (*жынына мінді*) сөйлем ішінде байқасақ, экспрессивтік бояуының олардан қарағанда басым екендігін айқын аңдауға болады. Мысалы: *Бұрынғырақ ақ бұрасына мініп, жауға қарсы шықса, жұрт*

*«Тентек қара жынына мінді, енді жолымыз болар» дейтін* (І.Е.). Фразеологиялық сөздікте бұл тұрақты тіркесті *жыны қозды* тұрақты тіркесімен бір мағынада қарайды [4, 222]. Жоғарыдағы *ашуға мінді* тұрақты тіркесінің өзі, біз сөз етіп отырған контаминация құбылысының өсерінен пайда болған деп шамалаймыз. Оның даму жолын *ашуы келді + қаһарына мінді = ашуына мінді* деп анықтаймыз. Осы секілді *бас бермеді* тіркесінің де өзінің негізін алған *бас алдырмады + бой бермеді* фразеологиялық тіркестерінен қарағанда экспрессивтік ренкінің басым екенін мына бір мысалдан айқын аңғаруға болады: *Бас бермейін дегенді, Жалғыз жардан құлатты. Мал бермейін дегеннің, Жалғыз тайын бөрі алды* (Д.Б.). Тілімізден (көркем әдеби тілінен) мұндай мысалдар қатарын көптеп кездестіруге болады. Осыған ұқсас көзқарасты Н.Уәлиұлы да айтады: «Жалпы тілдік қолданыста бар мұндай сыйыстыру фразеологизмдердің ренкін бұрынғыдан да күшейте түседі» [5, 53] дейді.

Осы кезге дейін жазылған ғылыми еңбектерді саралай келе, контаминациялану арқылы жасалған эмоционалды-экспрессивті бояуы өте күшті фразеологиялық бірліктердің ішінде тілдік норманы бұзатындарын да немесе тілдік норма заңдылығына сай келетіндерін де байқауға болады. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» тілдік норманы сақтап, контаминациялану жолы арқылы қалыптасқан фразалық орамдардың көптеген сәтті үлгілерінің бар екені жоғарыда көрсетілді. Ал енді нормадан ауытқу мәселесі төңірегінде ой қозғасақ, Н.Уәлиұлы жеке жазушылардың тілінен мұндай қолданыстарды да көптеп кездестіруге болатыны жайында айтады: «Контаминацияланған фразеологизмдердің мағынасы бір-бірімен тоғысып, лексикалық құрамалары жымдасып жатуы керек. Ондай болмаған жағдайда контаминация теріс қолданысқа айналады да, нормадан жөнсіз ауытқуға жатады. Мысалы: *Автобус келгенде, олар алдыңғы, Еркебұлан артқы есіктен кіріп, орта тұстағы бос орындыққа қарай қарсы жүргенде, қыз кілт тоқтады. Еркебұлан да төбе шашы ду етіп, тесіле қарап қалды* (М.Қуанышбаев. «Табысу»). Қазақ тілінде *төбе шашы ду етті* дейтін фразеологизм жоқ. Тегінде, бұл тіркес *төбе шашы тік тұрды* мен *екі беті ду ете қалды* дегендердің сәтсіз жасалған қоспасы болуы керек» [5, 111-112]. Жалпы жеке автордың контаминациялау арқылы тілдік нормаға сай жасалған фразеологиялық бірліктер көпшіліктен қолдау тауып, окказионалды сөздер қатарынан

шығып, жалпы тілдік қолданысқа өтіп тілімізді байытып отыратыны сөзсіз. Себебі тіл бір жағынан осы окказионалды сөздердің негізінде дамып, байып отырады.

Сонымен мақаламызды қорыта келе, мынадай нәтижелерге көз жеткіздік деп айтуға болады, контаминациялану жолы арқылы қалыптасқан фразеологиялық бірліктің эмоционалды-экспрессивтік бояуы алғашқы екеуінен қарағанда күштірек болады.

Сондай-ақ фразеологиялық бірліктердің контаминациялануы негізінде тілімізде жаңа бір фразеологиялық бірлік пайда болады. Яғни, ол дегеніміз фразеологизмдердің контаминацияла-

нуы тіліміздің дамып, баюына өзіндік ықпалын тигізіп отырады деген сөз.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол. ғыл. докт. ... дис. Алматы, 1998. 219 б.
2. Сәрсенбаев Р., Жақыпбеков М. Фразеологизмнің экспрессивтік-эмоционалды табиғаты туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті. 3-шығуы. Алматы, 1973. 26–30-бб.
3. Словарь по языкознанию. Алматы: Ғылым, 1998. 544 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.
5. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. 128 б.

Р. О. АСЫЛОВА

## АҢШЫЛЫҚ ПЕН САЯТШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ АТАУЛАРЫ

Халық тілінің дамуына сол халықтың кәсібі мен шаруашылығының әсері мол. Қазақ халқы тіршілігіне тірек, өміріне өзек болған аңшылық-саятшылықпен айналысқаны туралы тіліміздің ауызекі әдебиет үлгілерінде кездеседі. Мысалы: жырларда, ертегілерде, аңыз әңгімелерде, жаңылтпаштарда (*Әкем томаламаған бүркітті мен томағаламай кім томағалайды; Қара бүркіт томағасын түсірді, Оны мен томағаламай, кім томағалайды*), мақал-мәтелдерде т.б. Соның бірі — жеті қазынаға байланысты айтылатын жолдар. Жеті қазынаға байланысты ұғым-түсініктер қазақ ауыз әдебиетінде де, халқымыздың рухани-мәдени өмірінде де әртүрлі нұсқада кездеседі. Мысалы:

Жүйрік ат — адамның қанаты,  
Қыран бүркіт — жігіттің қуаты,  
Құмай тазы — берік сенімі,  
Берен мылтық — қаһарлы от,  
Өткір кездік — сұсы,  
Ау-жылым — әдіс-айласы,  
Қандауыз қақпан — серті.

Осында сөз етіліп отырған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, өткір кездік, ау-жылым, қандауыз қақпан кең дала төсінде аңшылық пен саятшылық (АС) құрған халқымыздың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан тұрмыстық құралдардың атаулары. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорынан АС қолданылатын құрал атауларының сан жағынан мол екенін аңғаруға болады.

Көшпелі тіршілікпен өмір сүрген халқымыздың АС дәстүрі күнкөрістің өзекті бір саласы, кейін әскери жаттығудың, шынығудың үлгісі болған. Өркениетке қол жеткізген бүгінгі таңда, дала төсінде ата-бабамыз сара жолын салып кеткен АС дәстүрі күні бүгінге дейін ұмыт болған жоқ.

АС қатысты құрал-жабдық атаулары күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатыны, бірақ кейбір атаулар мен тілдік бірліктер (биялай, кездік, садақ т.б.) тіліміздің пассив қабатына өткені байқалады. АС қолданылатын құрал-жабдықтарды жасалу ерекшелігіне, қолдану аясына қарай төрт топқа бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

1. **Ұрып-соғу, ату құралдары:** *мылтық, садақ, шоқпар, сойыл, қамшы, қанжар, атқы, сақпан, айбалта, қатыр, саржа, семсер, сембе, таяқ, сүңгі;*

2. **Жүннен, матадан, қылдан жасалатындар:** *арқан, арқамшы, тор, ау, сүзу жіп, шыжым, құсбау, бау (балақ бау, аяқ бау, шыжым бау, ірге бау/желі бау);*

3. **Аң-құстарды үркіту үшін қолданылатындар:** *дабыл, сақпан, шың, дауылпаз, дудыға, қоңырау;*

4. **Арнайы жасалатын құрал-жабдықтар:** *қақпан, түтік, бүркіт құндақ, биялай, тұзақ, бүркіт балдақ/қолдық, аяққап, ырғақ, жезтұяқ/мыстұяқ, жем қалта, жемсауыт, тұғыр/құсағаш, томаға, құсқода, шырга, шәңгек, қанжыға,*